Мектебіміздің 10-11 сынып оқушылары түсінік айтып, сыныптастарын кітап оқуға шақырды. Ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдары аясында шара өз жалғасын табуда.
Жобаның мақсаты оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын қалыптастырып, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге,тіл байлығын кеңейтуге ықпал ету.
https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid023SDo83kUkYzZEnJSMSTavJLNbmk8KPoQu47Qx6cHYQL34ecwJU5h4xxkFF1wihjCl

**2023-2024 оқу жылына арналған « Мектеп театры » жобасының жұмыстары**

Мектеп театры жобасы аясында 3"а"сынып оқушылары"Жеті лақ"ертегісінен сахналық қойылым қойды. Театр – өмірдің боямасыз келбеті. Театр- қоғамды адамгершілік пен рухани құндылыққа бастайтын бірден бір жол. Ертегіні сахналық қозғалыспен, яғни, өзіне ғана тән театрлық бояумен жаңа күйге енгізіп, ондағы өзара қарым-қатынастарды анық көрсетеді. Театр – бастауыш сынып оқушыларының көркем қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай, оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0a6A8s7hTohWVK49SFDfHjehAbi5tr6jATRkX7LzXdvz3L67bYS8oB1sQqskw1qqql

«Мектеп театры» жобасы аясында 3«ә» сынып оқушылары «Алдар көсе» тақырыбында кезекті театрландырылған сахналық қойылым қойды.Қойылым барысында білім алушылар өз қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай өзара тығыз қарым-қатынас жасай отырып, өнерге деген қызығушылықтарын арттыра түсті.Сонымен бірге балалар кейіпкерлердің жағымды қасиеттерін бойларына сіңіріп, өздеріне деген сенімділігін арттырып, сахна мадениетіне машықтанды.
Ертегіде басты кейіпкер өзінің еңбекқорлық, пен адалдык қасиеттерін сомдай отырып, барша білім алушыларды шыншылдық, пен мейірімділікке шақырды.
https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02M7p93JU155bxh1Zx6fVkcj3a9WSdeCqVcydsypu2RaXMn3doNN79JVwUgBfoZ4pql

«Театр және балалар» жобасы аясында 4 «А» сыныбында «Алдар Көсенің басынан өткені» туралы сахналық қойылым қойылды. Қойылымда қарапайым халықтың байлардың алдауына қалай шыдағанын, ал батыл, әзіл-оспақ сезімімен Алдар Көсе әділдік үшін күресуге дайын ұлттық қаһарман рөлін атқарғанын көрсетті. Нәтижесінде балалар бір-біріне деген құрмет қарым-қатынас жасауды үйренді.
hhttps://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02RMs34gF8rGvGeW9Uymo9nPZ33fttutejdBR6cZJszFESrH4KB7ruiKhzgDinaWgfl

Мектеп театры» жобасы аясында 5 "а" сынып оқушыларымен орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Нуртаеваның ұйымдастыруымен «Сказка про лень и безделицу» тақырыбында сахналық қойылым қойды.Мақсаты: оқушыларға адам өміріндегі жағымсыз қасиеттердің маңызын түсіндіру;Сахналық өнерге деген қызығушылығын арттыру; Білімге деген құштарлығын ояту.
hhttps://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0P4X5ZgFaagSChLikS45oUBTaBwSeppWfTMbkfKD3BRrDrcE1CJcUhw2Pzpk3jW6bl

«Мектеп театры» жобасы аясында 6 «а» сынып оқушылары «Күлше қыз2» ертегісінен театрландырылған қойылым қойды. Қойылым барысында білім алушылар өз қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай өзара тығыз қарым-қатынас жасай отырып, өнерге деген қызығушылықтарын арттыра түсті. Ертегіде басты кейіпкер өзінің еңбекқорлық пен адалдық қасиеттерін сомдай отырып, барша білім алушыларды шыншылдық пен мейірімділікке шақырды.
https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02fucz3iy1GmvAFb3sPzAVhmCp2dMdRYHvmgxSx6VvXoq4feguAFpzGLdjhfBzoAcfl

«Театр жобасы» аясында 6 «ә» сынып оқушылары «Аяз би» ертегісін сахналады. Мақсаты: қазақ ауыз әдебиетіндегі ел басшысының үлгілі бейнесін көрсету.Қарапайым халық бұқарасының «елді Аяз би сияқты шыншыл, тапқыр адам басқарса» деген арманынан туған бейнені жеткізе алды. Қойылым оқушыларды Аяз би сияқты әділ, ізетті, адал болуға тәрбиеледі, қазақ өмірінің шындығынан, адал еңбегімен кәсіп еткен шаруа адамының әрекетін бағалауға үйретті.
https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid022RgeWBaBJn2wdLthXV5MbfeQGtij32PbePfAsxfLPRW8yhKWNVBp1dZ9ohk9BcTSl

«Мектеп театры» жобасы аясында 5 «ә» сынып оқушыларымен "Алдар көсе және мақтаншақ бай"тақырыбында кезекті театрландырылған сахналық қойылым өткізілді. Қойылым барысында білім алушылар өз қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай өзара тығыз қарым-қатынас жасай отырып, өнерге деген қызығушылыктарын арттыра түсті.Ертегіде басты кейіпкер өзінің тапқырлық, айлакерлік ,өзгенің ақысын жемеу сынды қасиеттерін сомдай отырып, барша білім алушыларды шыншылдық, пен мейірімділікке
шақырды.
https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02WMvgfS6kH72rc2H8FiNEsHKsDMcFjKAwfa4nM2jwjnCcHErbuFtPT4Z9dTYe74ANl

Мектеп театры жобасы бойынша қойылған ДУЛАТ ИСАБЕКОВТІҢ «ӘПКЕ» ДРАМАСЫНДА 9 «А» оқушылары өз қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай, өзара тығыз қарым қатынас жасай отырып, өнерге деген қызығушылықтары арта түсті. Білім алушылар кейіпкерлердің жағымды қасиеттерін бойларына сіңіріп, өздеріне деген сенімділігін арттырып, сахна мәдениетіне машықтанды.
https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02XTGVFkCvtciAY75sYEzNyt2ypLEFdG9CVRGMx55DQeojYL1x2uQhLFG77xBDnY7wl

Мектеп театры жобасы аясында "Шашу"театры оқушылары"Заманауи оқушы" сахналық қойылым қойды.Театр – өмірдің боямасыз келбеті. Театр- қоғамды адамгершілік пен рухани құндылыққа бастайтын бірден бір жол. Қойылым сахналық қозғалыспен, яғни, өзіне ғана тән театрлық бояумен жаңа күйге енгізіп, ондағы өзара қарым-қатынастарды анық көрсетеді.
Театр –оқушыларының көркем қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай, оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен бірге сахнаға бейімделген балғындардың бойында өзіне деген сенім артады. Театр – балалар үшін демалыс, үлкен тәрбиенің бастауы.
https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid029a8w7n569bW1LRUtHcNuYxxfH7h9hg7yLeKTkXRDeu9KdZRDfNuTnTBRC56ffKGbl

**«ҰШҚЫР ОЙ» дебат клубының жұмысы**

"Vertex school" бағдарлау мектебі және "ORDA" жоғары колледжінің ұйымдастыруымен өткізілген "Жасанды интеллект: пайдасы мен зияны" атты облыстық дебат ойынан мектебіміздің "Sheksiz" фракциясы I орын иеленді. 9 "ә" сынып оқушылары Темірбек Бибінұр мен Елшибаева Нұрайды жеңісімен құттықтаймыз!
Жетекшісі: Асқарова Гүлмайса Дебат ойыны ешқашан ұмыт болып кетпесін. Өйткені, дебат-ұтымды ой, үздік образ, шешендік сөздер тудыратын дарындылар ойыны!!
https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02tEBZjnCPbNZgcTRYCVLZT3E7B8YhhxDfAwp1NpAQoGgfd7EFaCPsrupXMWJzzgzRl

Мектебімізде «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының ұйымдастыруымен 9-сыныптар арасында "Ойынға ойсыз құмар": лудоманиядан айығуға бола ма?тақырыбында АПФ форматында пікірсайыс (дебат) өткізілді.

Пікірсайыс білім алушыларға белгілі бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та жүйелі етіп дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұсынуға баулу мақсатында ұйымдастырылды.
Пікірсайысқа 9-сынып оқушылары арасынан 2 фракция қатысып, "Jasil adam" және "Sheksiz" фракциялары төмендегі тақырып бойынша пікірталасқа түсті:
Б.П. лудомания қауіпті деп есептейді.
Пікірсайысқа қатысушы оқушылар жетістіктерге жету үшін мықты көзқарас, өз ұстанымын дәлелді түрде қорғай білуге жетелейтін ұмтылыс маңызды екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Ата-бабамыз "Ойынға ойсыз құмар" деп дөп басып айтқан. Бабалар тарихына үңілсек, құмар ойнау деген ұғым қазақ танымында болған емес. Дінімізде де бәс тігуді құп көрмейді. Қазақ тілсіз жау деп өрт пен суды атаса, бүгінгі қоғам бейнесіне қарап, өз тұжырымымызда үшінші жау ретінде "Лудомания" дертін де қосуға болады. Бұл дерттің өрттен несі кем? Үнсіз келіп адами құндылықты өрттей жалмап, талай жастың ғұмырын жалындай шарпиды.
Пікірсайыс соңында "Sheksiz" фракциясы 3 орынмен "Jasil adam" фракциясы 2 орынмен марапатталды.https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0Am3s8tD3PBZ7P1j7hbSFVkVMwivogsPvYZAkrEhntjGtLB3v9V6bn8yTbQymkAcul

**2023-2024 оқу жылдарындағы**
**«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы бойынша атқарылған жұмыстар**

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы бойынша бекітілген жоспарға сәйкес іс-шаралар атқарылуда. 1-4 сыныптар оқушылары арасында «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» оқушылар арасында онлайн сурет байқауы өтілді. Байқауды өткізудің мақсаты - өскелең ұрпақтың арасында жалпыға бірдей еңбек, адалдық және сатылмаушылық идеяларын мінез-құлық нормасы болуы қажет деп түсінуін тарату.

**"Адал ұрпақ"** ұйымы мүшелерінің ұйымдастыруымен "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!" тақырыбында бейнеролик түсірілді.
Індетке айналған жемқорлық дерті адамзат баласына жат қасиет. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.
Елдің ертеңін ойлау мақсатында, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің биік көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою міндет.
https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid027ryCJw6X7aVge222jozQH7MJx17nGWyimLQvES95JiWCLStLkDhsnjb6bs2digDml

Қазіргі заманда жастар тәрбиесінде жүректі имандылыққа, махаббатқа, қайырымдылыққа нұрландыруға, ізгі іс жасауға және жүректен жүрек арқылы адам жанына әсер ету үрдісі кең ауқымда талқыланып келеді. «Адалдық дүкені – тәрбие мекені» тақырыбында жәрмеңке өткізілді. «Адалдық дүкені – тәрбие мекені» атты қайырымдылық қамқорлық акциясынан түскен қаражатқа мектебіміздегі әлеуметтік жағынан қорғалмаған және күнкөрісі төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетіледі.
https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0WxYdcRyGKk5WkF2LTUxs9iEcn2UMGWCywq4rRffo9omowGrXwGQR6K38HhoAsjVZl

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» атқарған жұмыстардың есебі.**
2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесі 2023 жылғы 15 тамыз күні бекітілген №4 хаттамасына сәйкес ұсынған «Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау» бойынша нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» ашылды. Орталық жанынан «Даналық мектебі», «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Ағалар мектебі», «Жеңгелер мектебі» құрылды. Жылдық жоспар құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қыркүйек айында **«Әжелер мектебі»** жобасына сәйкес 2 «а» сынып оқушылары Әже– ұлттық тәрбие ұйытқысы, Ұлттық тәрбиенің көзі – отбасы.Ал осы отбасындағы тәрбиенің ұйтқысы -әдетте,

әжелер. Ауылды ақсақал билесе, отбасындағы тәрбиеге әжелер жауапты болды. Ақ жаулықты әжелер баланы жастайынан бауырына басып, оның бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре білді.
Міне, әженің әсерлі әңгімелері мен ел титінетегілерін тыңдап, солар арқылы халықтың сан ғасырлық мұраларын бойына сіңіріп, уызға жарып өскен азаматтар қалыптасты.
Абай, Ыбырай, Шоқан, Мұстафа өзге де ұлт ұйытқысы болған ұлы тұлғаларымыз сияқты
2 «А» сынып оқушылары Жалғасбай Зейнеп, Сұңғатұлы Нұрасыл, Алпысбай Нұрислам ,Алпысбай Інжу, Марат Аймира әже тәрбиесін көріп өсіпкеледі.
https://www.facebook.com/share/v/csHQPQuEPuMKeaMM/?mibextid=hubsqH

**ЕР БАЛА ТӘРБИЕСІ- ЕРТЕҢГІ СӘТТІ ОТБАСЫНЫҢ КЕПІЛІ**
Мектебімізде 1 желтоқсан күні 9- сыныптардың **«Әкелер кеңесі»** жобасының жоспарына сәйкес «Ер бала тәрбиесі- ертеңгі сәтті отбасының кепілі» тақырыбында әкелерге арналған тренинг ұйымдастырылды.
Мақсаты: нәтижеге бағытталған үштік одақ жұмысын жандандыра отырып, мектеп өмірімен отбасы байланысын нығайту, ата – ананың бала тәрбиесіне деген көзқарасын қалыптастыру.Тренинг әкелерге қызықты сұрақтар қоюмен бастау алып, танысу жаттығуын жүргізумен жалғасты.Тренинг соңында әкелер өз әсерлерімен бөлісіп, кері байланыс жүргізілді.
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02oKCkewkkCu1rjVFwZKqog4qegT87uvAK6feYvnY1fC3H2dvWWDUn4mJbTh6V4McWl&id=100015263085619&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V

2024 жылдың 29 ақпан күні **«Ағалар мектебі»** жобасына сәйкес «Әкелер жолымен, ағалар ізімен» тақырыбында «Жігіт сұлтаны» өткізілді. Байқауда білім алушылар ағаларымен қатысып үш кезең бойынша бақ сынасты.
Байқау кезеңдері:
«Таныстырсам өзімді» өзін таныстыру.
«Сегіз қырлы- бір сырлы» өз өнерін көрсету.
Ұлттық ойындар:
1. Қол күрес
2. Ләңгі тебу
3. Асық ату
4. Гір тасын көтеру
Аға – артынан ерген інілеріне тірек, алынбас қорған. Аға деген отбасыда жол бастаушы, бағыт беруші. Бауырлардың барлығы ағаға қарап арқа сүйейді, бой түзеді. Сондықтан да "ағасы бардың жағасы бар" деп айтады. Аға іні-қарындастарының қуанышына ортақтасып, жығылғанда демейді. Ал іні ағаның артынан ергеніз. Бауырым деп бағалайтын қазынасы. Бүгінгі ең ізгі, берік туыстық қатынас арасында өткен сайыс талаптары жоғары болып, жігіттеріміздің батырлығын,ептілігін, өнерін бағалай келе марапатталды.
https://www.facebook.com/share/v/Vhq8mNyX1ipUyk5f/?mibextid=xfxF2i

Наурыз айының 26 жұлдызында **“Аналар мектебі”** жобасы аясында ана мен қыз баланың байланысын арттыру, ұлттық тәрбиемізді көрсету мақсатында “Ұлттық тәрбие” атты 5 сыныптар аналарының арасында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің ,ұлттық тәрбиеміздің әдіс тәсілдерін жетілдіре отырып қарым –қатынас орнату.
Нәтижесі: ұлттық құндылықтарымызды қалыптастыратын әдіс- тәсілдермен бөлісті.

https://www.facebook.com/share/p/akdfDAZSNxaUe63y/?mibextid=xfxF2i

2024 жылдың 24 қаңтаркүні 3 «ә» сынып оқушыларына **«Ағалар мектебі»** жоспарына сәйкес «Ағасы бардың жағасы бар» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай Отан. Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар – ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуге отбасы – алғашқы қадам.Сабақ барысында оқушылармен қызықты тапсырмалар орындалды «3 қадам ойыны арқылы баланың

үш қасиетін атайды», «Әке бір сағат бірге өткізейікші» бейнежазбасы арқылы оқу құралдарын, киімдерін, сыртын ғана түгендемей, баланың ішкі сезіміне, жан дүниесіне мән беру, дамуына ат салысу, уақыттың ауадай қажет екенін түсіндірді, "Болашаққа балама арналған хат" деп баласына арнап хат жазды. Халқымыз "Ұяда не көрсең, соны ілерсің" дейді. Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ана-ананы өмірдің тірегі санайды.

https://www.facebook.com/share/p/qKQGgCLPSB9o47Du/?mibextid=qi2Omg

**"Ата-аналарды педагогикалық қолдау"** орталығының жоспарына сәйкес 24 қаңтар күні 3 «ә» сынып оқушыларына «Бала әр ата-ананың болашағы, өмірінің жалғасы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай Отан. Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар – ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуге отбасы – алғашқы қадам.Сабақ барысында оқушылармен қызықты тапсырмалар орындалды «3 қадам ойыны арқылы баланың үш қасиетін атайды», «Әке бір сағат бірге өткізейікші» бейнежазбасы арқылы оқу құралдарын, киімдерін, сыртын ғана түгендемей, баланың ішкі сезіміне, жан дүниесіне мән беру, дамуына ат салысу, уақыттың ауадай қажет екенін түсіндірді, "Болашаққа балама арналған хат" деп баласына арнап хат жазды. Халқымыз "Ұяда не көрсең, соны ілерсің" дейді. Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ана-ананы өмірдің тірегі санайды.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid06UhsmYfLbHcaj2ihaZw5ShfdJcLpQp7269jiAn6cZppbgdsDwS9dejM9NGcTRUhVl?locale=ru_RU

**«ЖЕҢГЕЛЕР МЕКТЕБІ»**

2024 жылдың 15 наурыз күні **«Жеңгелер мектебі»** жобасы аясында 5-7сынып оқушыларының арасында «Сырғалым-сырласым» атты қыз сыны байқауы өткізілді. Қыз бен жеңгенің бірлескен сайысындағы мақсатымыз жеңге мен қайын сіңлі арасындағы өзара сыйластықты, бір-біріне деген сүйіспеншілікті нығайтып, ана мен бала, жеңге мен қыз арасындағы тәрбиені одан әрі дамыта отырып, жақсы дәстүрімізді жаңғырту. Сайыс барысында қатысушыларымыз өз өнерлерін ортаға салып, ән мен биден шашу шашып, сахналық қойылымдар көрсетіп, ұлттық тағамымыз бешбармаққа қамырдан нан жайып, салт-дәстүрге байланысты сұрақтарға жауап беріп, өз қолдарымен жасалған бұйымдарын таныстырды.

Байқауда:

Бас жүлде Есбол Зере, жеңгесі Төремұрат Аружан.

І орын Әміржан Әдемі, жеңгесі Серік Нұргүл.

ІІ орын Берікқызы Бибігүл, жеңгесі Тлеумбетова Ақтоты.

ІІ орын Әділбекқызы Нұрайым, жеңгесі Есіркепова Әселхан.

ІІІ орын Мырзабаева Қарақат, жеңгесі Әлмағанбет Ләззат.

ІІІ орын Кенжебекова Кәусар, жеңгесі Кенжебекова Мархаббат.

Міне, аналарымыз бен жеңгелерімізден тәрбие алған аруларымыз ибалы, инабатты, әдепті, бір сөзбен айтқанда тәрбиелі болып өсетіні анық. «Гүлден ұрық шашылса, гүл тарайды әлемге» деп Сәбит Мұқанов айтқандай аналар, жеңгелер гүл болып шешек атса, аруламыз гүл болып әлемге шашылары анық. Асыл жеңгелерімен келген қыздарымызға, тамаша өнерлері мен ұлттық дәстүрді насихаттағандары үшін және де байқауға демеушілік жасаған ЖШС «Стройком-Лимитед» директоры Сәдібеков Бақытбек Қонысбекұлына алғыс білдіреміз!

https://www.facebook.com/share/v/wiMmVyaDRd77QNdU/?mibextid=xfxF2i

1. **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ҚҰНДЫЛЫҒЫ** БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ.

**Ұлттық мүдде құндылығы:**

- **Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;**
- **Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;**
- **Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;**
- **Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;**
- **Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;**
- **Қоғам игілігі үшін қызмет ету;**
- **Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;**
- **Ұлттық мәдениетті дәріптеу;**

**Күтілетін нәтижесі:**

- **Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл**
- **Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді**
- **Елінің тарихын құрметтейді**
- **Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді**
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

1- қыркүйек білім күніне орай 2023-2024 оқу жылында «Мектеп мейірім мекені» тақырыбында өткізілген салтанатты жиынның алғашқы құттықтау сөзі **Қызылорда қаласының қаржы бөлімінің басшысы Айменов Сейтмахан Нұрәліұлы мен** қалалық білім бөлімінің әдіскері Жакыпов Тимур Абдысаматұлына берілді. Құрметті қонақтар өз сөздерінде жаңа оқу жылына сәттілік тілеп, ыстық лебіздерін білдірді.Салтанатты жиында білім ордасына енді ғана қадам басқан бірінші сынып оқушылары өнерлерін көрсетсе, «Көркемдік-эстетикалық балалар орталығының» өнерпаздары ән мен биден шашу шашты.

https://www.facebook.com/share/v/DRj1jzCEAcY5ib8p/?mibextid=xfxF2i

5 қыркүйек-Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі.5-ші қыркүйек қазақ халқының тарихында болмысы бөлек , мінезінің байлығымен, терең білім, ақыл-парасатымен дараланған ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Ана тілін ардақ тұтқан тіл жанашырының құрметіне орай 5-ші қыркүйек ҚР халықтарының Тілдер күні болып бекітілген.
Тілге деген құрметті арттыру, мәртебесін көтеру, тіл және сөз құдіретін тану, бойларына рухани-адамгершілік қасиеттерін ұялату мақсатында жасалатын шаралар жалғасын табуда.Тіл-ұлттың мақтанышы, тірегі, жүрегі екендігін бойларына сіңіре отырып, туған тілін қастерлеуге үйрету-біздің басты мақсатымыз.Тілдер мерекесіне орай мектебімізде «Тіл- татулықтың тірегі» тақырыбындаіс- шара өткізілді.Мақсаты: Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру, білім алушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу.5 қыркүйек қазақ халқында болмысы бөлек, мінезінің байлығымен,терең білім, ақыл парасатымен дараланған ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының туған күні.Ана тілін ардақ тұтқан тіл жанашырының құрметіне орай

5 қыркүйек ҚР халықтарының Тілдер күні болып бекітілген.Білім алушыларға «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы тіл» деген ұлағатты сөз қалдырған , қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы -Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығынан бейнекөрініс көрсетіліді.
Іс-шара соңы топтық сайысқа ұласып, мектеп оқушылары білімдерін ортаға салды. Оқушылар тілге деген құрметін өлең шумақтары арқылы білдірді.
Сайыс соңында жеңіске жеткен топ мектеп басшысының алғыс хатымен марапатталды.

https://www.facebook.com/share/p/tvVCiX1ttTXrjeWr/?mibextid=xfxF2i

2023 жылдың қыркүйек айының 9-да құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты 8-11 сынып оқушылары мен құқық қорғау қызметкерлері арасында кездесу өтті. А.Спатаев- Ақсай ПБ-нің ЖҚПБ-нің басшысы полиция майоры Ж.Келесов- Қызылорда ҚПП ЖПҚБ-ның ЮПБ-нің учаскелік полиция инспекторы полиция майорыР.Еңсебаев -полиция капитан. Ж.Мәлік-полиция аға лейтенантыАқсай ПБ-нің ЖҚПБ-нің басшысы полиция майоры А.Спатаев өз сөзінде бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі-балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және де кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу керектігін айтты. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Полиция майоры білім алушыларға жалпы құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Қызылорда ҚПП ЖПҚБ-ның ЮПБ-нің учаскелік полиция инспекторы полиция майоры Ж.Келесов білім алушыларға қылмыстық жауаптылық басталатын жас ерекшелігін, сондай-ақ қылмыстың құрбаны болып қалмау, өз құқығын қорғау туралы және заң аясында адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары туралы жан-жақты түсінік берді.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02SnCzGFg713hh5iLn9QdxGSbWDbsZskQk5XFbJ7omWTQLWz71iWdp5F8onAy8XKVul?locale=ru_RU

**ТОҒЫЗ АЙҒА - ТОҒЫЗ ІС- ШАРА**
**АСЫҚ АТУ ЧЕЛЛЕНДЖІ**

17 қараша күні "Төрт тоқсан- төрт өнер" ұлттық мәдени- ағартушылық жобасы аясында білім бөліміне қарасты ұйымдарда «Бес табан», «Бес асық» ойындарынан челлендж өткізілді. Мақсаты: білім алушылардың рухани- адамгершілік мәдениетін, эстетикалық патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, төл ойындарды дәріптеу.Челленджге ұлттық киім киінген мектеп мұғалімдері мен оқушылары атсалысты.Бұл жоба барлық ұйымдарды ұлттық біртұтастыққа біріктіреді."Асық ату" челленджі- бұл жай ғана ұлттық ойын емес, бұл біздің дәстүрлеріміз бен ұлттық мұрамыздың байлығына сүңгу мүмкіндігі. Біз бірге мәдениетімізді ұрпақтан-ұрпаққа бере отырып, оны танымал етеміз және бағалаймыз.
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02LLsqvhHtQCNaQkvqzToZbtQB4VX3rXqECLxEAtuKfL3j6FB4LLoq7uYUenRaj2RL1&id=100015263085619&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V

**"ҰЛАНЫМЫЗ ҰЛЫ ЕЛДІҢ"**
25 Қазан Республика күніне орай N267 орта мектебінде Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті.Жиында 3 сынып оқушылары Жас Ұлан ББЖҰ қатарына қабылданды. "Жас Ұлан" ұйымына қабылданушылар алдағы уақытта қоғамдық, танымдық, шығармашылық қабілеттерімен мектеп жүйесіндегі тәрбиелік тәжірибені дамытуға, ат салысу міндеттелді.Оқушылар Қазақстан Республикасының патриоты болуға, ата-ананы қадірлеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, табиғатты аялауға, салауатты өмір салтын сақтауға, оқуда озат болуға ант қабылдады.Еліміздің болашағы жарқын, Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын.
https://www.facebook.com/share/p/QGfV3LPMKhYjCbsC/?mibextid=xfxF2i

27 қазан күні 5"а" сыныбында Республика күніне орай "Қазақ елім -Отаным" атты тәрбие сағаты өтті. МАҚСАТЫ: білім алушылардың мерекенің маңыздылығын, мемлекеттік рәміздерді түсінуі, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін, еліміздің тарихы өткені мен халықтарының дәстүрлеріне құрметпен қарауға, патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02a4jymcPEhax7TJPNiXgNMtyrJLTt4HAWrcX1XE1dnMQtaZxsBKKWoxWB1xtSprnFl?locale=ru_RU

**25 қазан - ұлттық мереке Республика күніне орай**
«МӘҢГІ ЖАСА, ҚЫРАН ЕЛІМ - ҚАЗАҚСТАНЫМ!» тақырыбында мектепішілік іс-шара өткізілді. Шара білім алушыларға туған жерін, елін, халқын ардақтап өтуге үйрету, бақытқа

жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүюден басталатынын ұғындыру. Іс-шараға 3-10 сынып білім алушылары қатыстырылды. Республика күні ұлттық мереке Осы ретте тарихқа тоқталайық. Еліміз үшін 25 қазан күні – аса маңызды даталардың бірі. Себебі, 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл 70 жыл бойы арман болған тәуелсіздікке қарай жасалған алғашқы қадам болатын.Ұлттық мереке қарсаңында шараға 3-сынып оқушылары Туымызды дәріптеу арқылы, Мерекелік шара ҚР Әнұранын орындалуымен бастау алып, білім алушылардың патриоттық өлеңдерімен жалғасын тапты. Мерекені атап өту бір бөлек, оны қастерлеп, азаттығымыз бен еркіндігімізді бағалап, Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына күш жұмсау маңызды.
https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0vJXsd7B6FMeiw72HfAunMGDrYFDdTqQDWvrQWVUGSU2aBPrkbAPHqnVZKmyiWchol?locale=ru_RU

10"а"сыныбында Республика күніне орай "Көк байрағым елдігім, еркіндігім" тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті. Мақсаты: жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру. Іс-шара барысында оқушыларды отаншылдыққа, туған жеріне, Атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт - бағдар беру, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу бағытында өлеңдер оқылып, патриоттық әндер орындалды. Сұрақтарға жауап беру арқылы білім алушылар өз пікірлерін білдірді. Танымдық сабақ болашақта еліміздің абыройын асқақтатар, еліне елеулі азаматтар болуына тілектестік білдіріп, қорытындыланды.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0JUGJrLZwNtbAFWmhJwiK6xNxhjmevPnpURqyjv4X8eQDDn1MycJnL7HhaQb1qJ92l?locale=ru_RU

**ТОҒЫЗ АЙҒА - ТОҒЫЗ ІС- ШАРА**
**ӘНҰРАН ОРЫНДАУ ЧЕЛЛЕНДЖІ**

Білім алушылардың ұлттық өнер мен мұраны қастерлеуге және қоршаған ортаға қамқорлық жасауға баулитын «Тоғыз айға 9 іс-шара» жоба аясында мектебімізде ӘНҰРАН ОРЫНДАУ челленджі болып өтті. МАҚСАТЫ: білім алушылардың патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету. Еліміздің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал ету, білім алушылардың бірлігі арқылы өз Отаны үшін қадір-қасиет сезімін қалыптастыру.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02uUv7FXDC3kUcQNVijMuuhUMbswhPYzj5JDJZiu1j7W6ZVHkQ4aFBYLdJPUTMNrpZl?locale=ru_RU

Жастар арасындағы нашақорлық
Есірткісіз қоғам құру – Қазақстанның әрбір азаматының алдындағы міндет. Есірткінің, оның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы болашақ ұрпақтың әл-ауқатына қауіп төндіретіні бәріңізге белгілі. Қызылорда облысының облыстық жастар денсаулығы орталығының маманы Г.А.Алмурзаевамен мектепте құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуда «Жастар арасындағы нашақорлық» тақырыбында кездесу өткізілді. Шараның мақсаты есірткіге қатысты проблемалар және есірткіні қолданудың алдын алу. Жастар арасында есірткіге қатысты проблемалар жайлы ақпараттандыру деңгейін жоғарылату, психоактивтік заттарды қолдануға қарсы дағдыларды дамыту.Шара барысында білім алушылар нашақорлықтың зардабы мен адам өміріне залалы туралы ақпараттармен танысып, көкейдегі сұрақтарға жауап табылған басқосу болды.
https://www.facebook.com/share/p/9xyUE9BiNacaQRTK/?mibextid=xfxF2i

2023 жылдың 15 қараша күні ұлы ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына орай ұйымдастырылған байқау 5-10 сынып оқушылары арасында өтті.
Білім алушылар ғұлама ақынның өлеңдерін жатқа айтып, өз өнерлерін ортаға салды. Байқау қорытындысы бойынша «Үздік» деп танылған оқушылар Дипломмен, Алғыс хатпен

марапатталды. Бүгінгі өткен «Шәкәрім оқуларының» мақсаты- оқушыларды дана бабамыздың мұраларын танып, зерттеуге ынталандыру болды.Бұл міндет орындалды, біз үшін ізденімпаз балалардың жүзіндегі шаттықты көріп, сезінудің өзі жеңіс.

https://www.facebook.com/share/v/qxidnutPW6kNnpaN/?mibextid=xfxF2i

Тәуелсіздік тұғырым. 2023 жылдың 22 желтоқсанында «Тәуелсіздік - тұғырым» тақырыбында 7 – 9 сынып оқушылары арасында мектепішілік ақындар айтысы өтті.Мақсаты – айтысты қазақ халқының ұлттық құндылығы ретінде дәріптеу, баға жетпес мәдени мұрамызды шешендік өнер арқылы таныту.Көрерменнің көзайымына айналған Біржан мен Сарадай болған мектеп оқушылары да салмақты сөздерін саралап, қалжыңмен араластырып жиналған қауымды өнерлеріне тәнті етті.Қазылар алқасы сайыскерлердің сөз байлығына, айтыста қарсыласына қалай жауап қайтаратынына, актерлық қабілетіне, домбыраны қалай меңгергеніне қарап өз бағасын берді.Мектепішілік оқушылар арасындағы ақындар айтысы алдағы уақыттарда өз жалғасын табады.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid023Hm9JNJBzmvMLUkGbZiRKF1ZasVQ8AeyRJnRYowNwVJb4As8mUj4HdyWSUGEd2msl&id=100015263085619&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V

29.09.2023жылы терроризмге қарсы бағыттағы оқу-жаттығу өтті. «Алғашқы әскери дайындық және технологиялық дайындық» пәнінің жетекшісі Е.Махановтің ұйымдастыруымен өткен оқу-жаттығуға мектеп оқушылары, педагогтер мен білім беру ұйымдарының қызметкерлері қатысты.Оқу-жаттығу барысында "Білім беру объектілерінде терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық" аясында бекітілген алгоритмдер тәжірибе жүзінде пысықталады.Оқушыларға нұсқау беріліп, қызметкерлер мен білім алушыларды жедел эвакуациялау ұйымдастырылды. Оқу-жаттығуды жүргізудегі түпкі мақсат –қауіп төнген жағдайда оқушылар, мұғалімдер мен қызметкерлердің дұрыс әрі қауіпсіздікті сақтап, жедел әрекет етуіне бағдарлау.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02AtN9SmbaUFQnLYxu33YHEthVhdgcYNjzg1nF6gGqZ2DHXet4YhTZcMYQcsPZWR2El?locale=ru_RU

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында мектепішілік ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысты мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Картаева тәрбие басы тәртіп, бала тәрбиесіндегі ата-ананың үлкен рөл атқаратындығын айтты.ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты Ж. Мәлік баланың тәрбиесі өзінің отбасынан басталады. Кез келген оқиғалардан басталып, оның арты үлкен қылмыстарға душар етіп жататыны қоғамдағы барша жұртшылыққа белгілі екенін түсіндіріп кәмелетке толмағандар кешкі мезгілде заңды өкілінсіз ойын-сауық орындарында жүруге болмайтыны жайлы айтылды.

https://www.facebook.com/share/p/JAk778UzrtRBH2P8/?mibextid=xfxF2i

Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша «Ұлттық мүдде» құндылығын білім алушылар бойына сіңіру мақсатында 26 қаңтар күні 1 «а» сынып оқушыларына «Қазақтың ұлттық ойындары» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: ұлттық ойындар жайлы түсінік беру, ұлттық ойындардың түрлері мен мазмұндарын ашу, ұлттық ойындар арқылы оқушыларды зеректілікке, тапқырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.
Сабақ барысында ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойындары жаңғырып, «Асық ату», «Бес тас», «Ханталапай », «Еркін күрес», «Арқан тартыс» секілді ұлттық ойындары ойнатылды.Балалар ойындарға үлкен қызығушылықпен қатыса отырып, ойлау қабілеттері артып, шымыр да епті , зерек те алғыр, тапқыр да парасатты болып өсуге талпынды.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02b3rjYNUGQ67f8wdsfNn8LT9NerjrLLSoDvcEdjjSLXaehqxf9GMRwFZxyE6en5vJl?locale=ru_RU

Біртұтас тәрбие бағдарламасы арқылы Ұлттық мүдде құндылығын білім алушылардың бойына сіңіру мақсатында 19 қаңтар күні 5 "ә" сынып оқушыларына "Сұлтан Бейбарыс - ұлы дала елінің барысы" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Бейбарыс сұлтанның өмірбаяны арқылы тарихи тұлғаларымызға деген қызығушылығын арттыру, ерлікке , еңбекке баулу. Сабақ барысында ұлы бабамыздың балалық шағы, ерліктері , тариха шешімдері баяндалды. Тәрбие сағаты барысында "Сұлтан Бейбарыс" фильмінен үзінді көрсетілді,соңында кері байланыс ретінде оқушылар "Бейбарыс Сұлтан кім?" деген тақырыпта постер қорғап, өз саналарында Сұлтан Бейбарыс бейнесін жасап шықты.Тәрбие - жас ұрпақты биік шыңға жетелейтін сапалы білімнің тұғыры.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0p9k5zzTPGQ3CobweDqs6yt6wwBNP4u8Aj5CmEuuBBn7hYuoxb7ydz6rPynsYvNpel?locale=ru_RU

22қаңтар күні Қызылорда қалалық прокуратурасы бөлім прокуроры Майгельдиева Раушан Муратбековнаның қатысуымен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық профилактикалық шараларын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың, зорлық-зомбылықтың, ерте жүктілік пен нашақорлықтың алдын алу бағыттары бойынша 9-11 сынып білім алушыларымен кездесу ұйымдастырып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02DttCbsJXqzU4JETRxzWmXsvtqUn38vxrdHB6pH9DnwJdq6rXt6y9pJDjfjpQswgXl?locale=ru_RU

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған іс- шара жоспары аясында 9 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен "Бауырсақ PARTY" шарасы өтті. Мақсаты: ұлттық дәстүрімізді, қонақжайлық пен мейірімділікті дәріптеу,білім алушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлай отырып, ыстық бауырсақ арқылы ыстық ықылас,жылы лебіздерін сезіндіру. Мектеп оқушыларын,ұстаздарын Наурыз мерекесімен құттықтап, бауырсақтан дәм ауыз тиюге шақырды. Ұлттық тағамдарымызды дәріптеп молшылық пен тоқшылық болсын деп баталары мен тілектерін айтты.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid033VVjhfrTLNKDeejW1aKqWSaRbmtbRdwDrfUuHAHfEzg2DFk7gbnHU7XojvqbTeMPl?locale=ru_RU

**РАДИКАЛИЗМ. ЭКСТРЕМИЗМ. ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ**

#267 орта мектебінде оқушыларға радикализм, экстремизм, терроризмнің алдын алу бағытында бейнероликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Түсіндірме жұмысы барысында оқушыларға дін және мемлекет, зайырлылық ұғымы, рухани құндылықтар мен мәдениет, жат ағымдардан сақтану жолдары туралы маңызды ақпараттар берілді.Қазіргі таңдағы теріс ағымдар мен діни экстремизм, лаңкестіктің алдын алу мақсатында түрлі әлеуметтік желілердегі, сайттар мен ғаламторда кездесетін келеңсіз жағдайлардың оқушыларға тигізетін әсерін ескеріп, барынша сақ болу қажеттігі жан-жақты түсіндірілді.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02HsKJtG9tsKLhukbnorNb34bz7mhN9yaknEu8PNnw99mmtMh89bE4G9jZeniHrgq3l?locale=ru_RU

**ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІ**

Бүгін – Ұлттық киім күні. Ұлт рухының шағылысы. Ұлттық киімге арналған бұл күн ата-бабамызды, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарды еске алатын ерекше кезеңге айналады.

Бұл – халық рухының шағылысын бейнелейтін ұлттық дизайнның көркемдігі мен қайталанбас өрнегіне тамсанып, өнердегі бай мұраны зерттеп, одан шабыт алатын күн.

Мектебімізде ұлттық киімдерді насихаттау мақсатында мектеп оқушылары мен ұстаздары ұлттық нақышта киінді.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02t3NUqiUhgo6tgCytATP9UNehuh8ZiLnNguhRhmmcaMnVJ72ER4vANqxXGwAymJf5l?locale=ru_RU

Наурыз — шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы. Ұлыстың ұлы күні мереке ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп.Наурыз мерекесі мектебімізде дәстүрлі түрде жыл сайын тойланып келеді. Биылғы жыл да балалар арасында ұлттық ойындар ойналып, наурыз көжеден дәм татты. Оқушылар наурыз мерекесіне арналған шарада әсем әнмен шашу шашып, мың бұрала билеген бишілер мерекенің сәнін келтірді.Қыстан аман-есен шығып, мал тұяғы көкке, аузымыз аққа ілініп, ұлтымыздың Жаңа жылы мектебімізде осылай тойланды.Наурыз мерекесі мектебімізде дәстүрлі түрде жыл сайын тойланып келеді. Биылғы жыл да балалар арасында ұлттық ойындар ойналып, наурыз көжеден дәм татты. Оқушылар наурыз мерекесіне арналған шарада әсем әнмен шашу шашып, мың бұрала билеген бишілер мерекенің сәнін келтірді.Қыстан аман-есен шығып, мал тұяғы көкке, аузымыз аққа ілініп, ұлтымыздың Жаңа жылы мектебімізде осылай тойланды.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid032FrWaikJKkiiUmSfheEa5V7oYPBGzBEHpTvifHJfWCshwjSXea3FaQXMHeXQ5xRgl?locale=ru_RU

**АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ**

28 наурыз күні мектепішілік ата-аналардың, мұғалімдердің қатысуымен жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, жолын кесу және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттердің туындауын болдырмау жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізілді және ата-аналарға 2024 жылдың көктем- жаз мезгілдерінде су айдындарында қауіпсіздік ережелері, жол-көлік оқиғаларының алдын- алу, жасөспірімдермен жасалатын және жасөспірімдерге қарсы жасалынатын құқық бұзушылықтарды, зорлық- зомбылықтарды болдырмау, жалпы қауіпсіздік шаралары жайлы айтып өтті.

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0bKNGocBXVzWdmEeNe1teXV1trKep8jq68zeAnPRC7xdgUHNpkE1fncCzAgRxZYL4l?locale=ru_RU

2. **АР-ҰЯТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ** БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ.

**Ар-ұят құндылығы:**

- **Академиялық адалдық қағидатын қолдау;**
- **Адал еңбекті құрметтеу;**
- **Сөзіне берік, ісіне адал болу;**
- **Халқына адал қызмет ету**
- **Әдеп нормаларын ұстану;**
- **Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;**
- **Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;**
- **Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.**

**Күтілетін нәтижесі:**

- **Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;**
- **Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;**
- **Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды;**
- **Достарын, сыныптастарын сыйлайды;**
- **Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.**

Елімізде Отбасы күні 2013 жылдан бастап қыркүйек айының екінші жексенбісінде аталып келеді. Халқымыз үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ.Отбасы - бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Қазақтың ардақты ақыны М.Жұмабаев былай деген екен: «Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс». Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол.Осыған орай мектебімізде «Мектеп парламенті» ұйымының мүшелері ата-аналар мен ұстаздарға таңғы көңіл күй сыйлап, мерекемен құттықтады. Ата-аналарға отбасылары мен балалары туралы қызықты сұрақтар қойып, тәттілермен қуантты.Білім алушыларға ұлттық тәрбиені насихаттау біз үшін міндет болып саналады.
https://www.facebook.com/share/p/koPdLqukseQCdtTA/?mibextid=xfxF2i

"Отбасы"күніне орай ата - ана, оқушы, мұғалім үштігінің ынтымақтастықта жұмыс жасауын дамыту және баланы өмірде белсенді болуға, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында 5-6 сыныптар арасында «Мен және менің отбасым» атты отбасылық спорттық сайыс өткізілді. Спорттық сайысқа 4 отбасылық команда қатысты.Әр топ жеңіс мәресіне жету үшін бірнеше кезеңнен тұратын кедергілерге төтеп берді.Тартысты сайыс нәтижесінде, төмендегі қатысушы командалар мектеп директорының дипломы, алғыс хаты және кубокпен марапатталды.Салауатты өмір салтын қолдап, денсаулықты жанымызға серік қылған бұндай отбасылық спорттық сайыстар өскелең ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор.
https://www.facebook.com/share/p/rBPAX1hMLaNqNZSj/?mibextid=xfxF2i

5 қазан ұстаздар мерекесіне орай «Ұстаз аты – биік аты мәңгілік» мектепішілік іс-шара өтті. «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуге балаға» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Мектепішілік іс шарада ұстаздарға ән арнап , биден шашу шашылды.
**https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02Z6fd3ZsDBHwEgzbagH4wCL6PZpE5bRkVSNoQGvNfWRSRC93jBhw4RAmydHGx4UFml&id=100015263085619&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V**

**Алтын күз аруы_ 2023ж**

17-ші қарашада жұлдызында 5-8 сыныптар арасында «Алтын күз аруы-2023» тақырыбында арулар сайысы өткізілді. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру, оқушыларға күз сыры жайлы мағлұмат бере отырып, өз ойларын, өнерлерін ортаға салып көрсете білуін, шеберлігін, іскерлігін дамыту.Сайысқа оқушылар белсене қатысып, өз өнері мен білімдерін көрсетті. Сайыс жеңімпаздары Дипломмен марапатталды.
https://www.facebook.com/share/v/XW8bcJtvV5siF2Pa/?mibextid=xfxF2i

**«Алаш ардақтысы-Нарком Жүргенов»**

Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығына орай эссе жазудан шеберлік сабағы өтті. Ұлт болашағы үшін жанын пида еткен Алаш қайраткерлерінің өмірі, қоғамдық-саяси қызметі, шығармашылығы арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу.
Алаш ардақтыларының елі үшін төккен еңбегін жас ұрпақтың бойына сіңіру біздің міндетіміз!

https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid0grt7nG82ctCQMtRPdqwdZZLQZQmZmSMMrBDFwVsoyhXM2mfTv4bg2C7GK7rn54fbl?locale=ru_RU

**ҰЛТ ҮШІН ТУҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА**

Жүргенов Темірбек Қараұлы Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Орта Азияға аты мәлім болған қазақ елінің өркендеп дамуына елеулі үлес қосқан, халқымыздың мақтанышы, Сыр түлегі – Темірбек Жүргеновтің туғанына биыл 125 жыл! ✨«Атамекен» балалар ауылында нұрлы болашақ, бақытты өмір үшін күрескен қоғам қайраткері және журналист Темірбек Жүргеновтың өмірі мен қызметін таныстыру мақсатында «Қазақ даласының ұлтжанды тұлғасы-Темірбек Жүргенов» тақырыбындағы челленджін жолдаймыз.
https://www.facebook.com/267mectep/posts/pfbid02ri3rNzVAZYkfaboqw112smkekvNxRdQVEGEQHzyUyrF3VPAmg8vp3nAeK7iAyvvol?locale=ru_RU

**ДАРА ЖОЛ**

27.10.2023 жылы мектебімізде алғаш рет «Дара жол» бағдарламасы ұйымдастырылды.Қадірлі де аса сыйлы қонағымыз ерекше мамандық иесі, өте көңілді жан №267 орта мектебінің дамуына үлкен үлесін қосып келе жатқан директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Мотышева Ляззат Серкетаевна. Бағдарлама барысында қонағымыздың балалық шағы, мектептегі қызықты өмірі, өскен ортасы, жоғарғы оқу орнындағы кезеңдері, отбасы жайлы сұхбат берді. Қызықты сұхбатта білім алушылар мектеп мүлкіне жанашырлықпен қарауға, өз орталарын таза ұстауға уәде берді.Бұл абзал ана, құрметті қызметкер Мотышева Ляззат Серкетаевнаның «Дара жолы» болатын.

https://www.facebook.com/share/p/vtkSECKQDedNzPJn/?mibextid=xfxF2i

**Баланы тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі.**

